

Көксу ауданының азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласының мамандарына жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 мамырдағы № 41 -2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 04 маусымда № 3188 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 04.12.2019 № 55-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін .

2. Көксу ауданы мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы "Көксу ауданы бойынша ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процент жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылдың 13 қаңтарында № 2-14-121 тіркелген, аудандық "Нұрлы Көксу" газетінде 2012 жылдың 20 қаңтарында № 3 (112) жарияланған) № 66-3 шешімінің, Көксу ауданы мәслихатының 2012 жылғы 5 қарашадағы "Көксу ауданы мәслихатының 2011 жылғы 20 желтоқсандағы "Көксу ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік

камсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына жиырма бес процент мөлшерінде жоғарылатылған тарифтік ставкалар белгілеу туралы" № 66-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылдың 21 қарашасында № 2197 тіркелген, аудандық "Нұрлы Көксу" газетінде 2012 жылдың 7 желтоқсанында № 49 (157) жарияланған) № 8-2 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көксу ауданы мәслихатының "Ауданның экономикалық дамуы, жергілікті бюджет, табиғатты қорғау және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. "Көксу ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Нұрмұхамбетов Серік Сапарұлына осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан мәслихатының
сессия төрағасы
Аудан мәслихатының
хатшысы*

Қ. Алпысбаев

Ә. Досымбеков